**Хаттамадан көшірме**

(2024 жылғы 12 маусымдағы педагогикалық кеңес отырысынан)

**Күн тәртібінде:**

1.«Бадамша мектеп-бөбекжай-бақшасы» КММ ұжымының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы

Аталған сұрақ бойынша мектеп директоры Р.К.Шаметова сөз сөйлеп, 2024 жылдың 03-12 маусымы аралығында өткен өзін-өзі нәтижелерімен таныстырды.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Педагогикалық ұжымның мектеп миссиясын жүзеге асырудағы жетістігін бақылау. Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша мектеп қызметін талдау. Мектептің нормативтік құжаттарының концептуалды блогын талдау.

Өзін-өзі бағалау ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.02.2016 жылғы №124 бұйрығында көрсетілген критерияларға сай 1,2 қосымшалар негізінде жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын қарай отырып, мектептің жұмысын «zhaqsy» деп бағалады:

1)білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар және Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес жалпы орта білім берудің негізгі құндылықтары, мақсаттары мен міндеттері айқындалған.

2)ұйым басшысы бекіткен жұмыс оқу жоспарлары, сабақ кестелері "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен мен үлгілік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

3) ҚР білім және ғылым министрлігі бұйрығының жалпы білім беретін пәндер бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес инвариантты жалпы білім беретін пәндердің негізгі мазмұнын меңгеру компоненті, гимназия компоненттері және элективті курстар жүргізіледі;

4) қазақ халқының ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделген "Бірыңғай тәрбие бағдарламасы" негізінде жасалды. Бұл құжатта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысында іске асырылуы тиіс тәрбиенің мақсаты мен міндеттері айқындалған ( жұмыс жоспарының, қосымша үйірмелер, секция кестелерінің көшірмесі көрсетіген);

5) бейіндік оқыту жеке білім алушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктері негізінде оқу жұмыс жоспарына сай жүзеге асырылады;

6) вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру жұмыстары жүзеге асырылады (сабақ кестелерінің көшірмесі көрсетілген);

7) «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері», «Жол қозғалысы ережелері» оқу курстары әдістемелік нұсқау хат негізінде жүргізіледі;

8) Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан педагог-сарапшы, педагог-зерттеушілердің үлесі 53 %, Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің педагог-сарапшы, педагог-зерттеушілердің үлесі 45%.

9) Халықаралық немесе республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі 30%;

10) Сыныптың толтырылуы мен оқу аймағына сәйкестігі санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады;

11) Оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптар типтік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі;
12) Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі.
13) 2023-2024 оқу жылының нәтижелері бойынша мектеп бойынша білім сапасы 62,4% құрайды;
14) оқу ұзақтығына, оқу ұзақтығына қойылатын талаптар 2023-2024 оқу жылындағы каникулдың ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.
Өзін-өзі бағалау бойынша құрылған комиссия оқу-әдістемелік, ғылыми және жан-жақты талдау негізінде төмендегідей шешімге келді:

**Қаулы:**

«Бадамша мектеп-бөбекжай-бақшасы» КММ ұжымының 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес жүргізілген. Нормативті-құқықтық актілер негізінде мектеп ұжымының жұмысы жалғастырылсын.

Төрайым: Р.К. Шаметова
Хатшы: Э.Е. Баенова